# Қазыналы өңір

ГАЗЕТ 2000 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ АЙМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ 7 маусым СЕНБІ 2025 жыл №21 (1259)


**4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні**

# Елдік пен бірліктің тұмары

***Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні – халқымыздың рухын асқақтататын, елдігіміз бен бірлігіміздің айғағы болған маңызды мерекелердің бірі. Бұл күн – Ту, Елтаңба мен Әнұранға деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыратын, отансүйгіштік сезімді нығайтатын ерекше сәт. Осыған орай, Қаражал қаласында «Рәміздерім – елдігімнің белгісі» атты салтанатты жиын Рәміздер алаңында өтті.***

**Мөлдір ХАМИТҚЫЗЫ**



Іс-шара Тудың әкелінуімен басталып, барша жұртшылық мемлекеттік Әнұранды ерекше тебіреніспен орындады. Бұл – елдік пен бірліктің, рух пен намыстың шынайы көрінісі болды.

Салтанатты жиында Қаражал қаласының әкімі Айқын Елеусізов сөз сөйлеп, барша тұрғындарды қасиетті мерекемен құттықтады. Ол өз сөзінде Мемлекеттік рәміздердің тәуелсіз ел үшін маңызына тоқталып, жас ұрпақтың бойына елдік пен патриоттық сезімді сіңірудің маңыздылығын атап өтті.

Шара барысында № 1 жалпы білім беретін мектептің оқушылары Рәміздерге арналған әдеби оқуларын мәнерлеп оқыса, Азамат Кәдірсізов «Атамекен» әнін орындап, жиынға рухты леп сыйлады.

Мерекелік көңіл-күйді одан әрі жандандыру мақсатында Қаражал қаласының Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған автошеру мен велошеру қаланың басты көшелерін аралап өтті. Шеруге қала жастары, мекеме қызметкерлері, белсенді еріктілер мен тұрғындар қатысып, көліктеріне Мемлекеттік Ту іліп, бірлік пен мақтаныштың айқын көрінісін көрсетті.

Бұл бастама – ұлттық бірлікті нығайтудың, рәміздерге деген құрмет пен патриоттық сезімді қалыптастырудың нақты үлгісі болды. Шеруге қатысушылардың жүзінен қуаныш пен мақтаныштың лебі сезіліп тұрды.

Кешкісін «Ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі аталмыш мерекеге орай қалалық жеңіл атлетикалық жүгіріс ұйымдастырды. Ерлер арасында өткен бұл жарыста 3 шақырымдық қашықтықты онға жуық азамат жүгіріп өтті. Жарыс нәтижесінде І орын мен кубок иегері Ораз Маханов атанды. ІІ орын - Айбар Илиясовқа бұйырса, ІІІ орынды - Дастан Даиров иеленді. Жеңімпаздарға медальдар, мақтау қағаздары мен ақшалай сыйлықтар табысталды.

Бұл мерекелік күн – Отанға деген сүйіспеншілік пен елдік рухты арттырып, әрбір қазақстандықтың жүрегінде Мемлекеттік рәміздерге деген құрметті тереңдеткен жарқын күн болды.

Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің белгісі, Тәуелсіздігіміздің тұмары. Осындай тағылымды шаралар арқылы жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі нығая түсетіні сөзсіз. Қаражал жұртшылығы бұл күні Ел Туына тағзым етіп, жүректеріндегі патриоттық рухты оятты. Бірлік пен берекені ту еткен халықтың болашағы жарқын, келешегі кемел болмақ!


Қазыналы өңір



АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Өздеріңіздің сүйікті «ҚАЗЫНАЛЫ ӨҢІР» газетіне 2025 жылдың жарты жылдығына жазылу науқаны жалғасуда.

Басылым аймақта болып жатқан ең елеулі оқиғалар туралы шұғыл әрі дәйекті түрде ақпарат беріп, сондай-ақ, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық тақырыпты қозғайды.

• ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ
ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН: 6 айға – 1800 теңге.
• ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН: 6 айға – 4500 теңге.
• ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ ҮШІН 30% жеңілдік қарастырылған.

*Байланыс нөміріміз: 2-61-02*


**Общество**

# Не подлежит забвению



**Асель КУРБАЛОСОВА**

***В День памяти жертв политических репрессий и голода в Каражале прошли мероприятия с участием общественности. В них приняли участие глава Каражал-Жайремского региона Айхын Елеусизов и гости города.***

→ на 2 стр.

Молодежная политика



# Впереди – большие перспективы

***В Каражале состоялась встреча с представителями Президентского молодежного кадрового резерва. Предметом обсуждения стали вопросы принципов меритократии в государственной службе, возможностей для молодежи, роли кадрового резерва и реализации инициатив на местном уровне.***

В мероприятии приняли участие аким города Каражал Айхын Елеусизов, заместитель руководителя департамента Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по области Ұлытау Самат Умбеталиев и директор филиала Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по области Ұлытау Ербол Байгазиев.

Подобные встречи способствуют повышению интереса молодежи к системе государственного управления и воспитанию нового поколения лидеров, готовых вносить вклад в развитие страны.

Напомним, что поддержка перспективной и талантливой молодежи, привлечение их к работе государственных органов было одним из первых поручений Президента РК Касым-Жомарта Токаева.

Президентский молодежный кадровый резерв – важный проект, направленный на вовлечение талантливой, инициативной и высокопрофессиональной молодежи в систему государственного управления. Как отметил Глава государства, выступая на форуме Президентского молодежного резерва, «в стране достаточно успешных людей в сферах бизнеса, сельского хозяйства, финансов, медицины, образования и других секторах. Нужно задействовать потенциал таких кадров, ориентированных на конкретный результат и потребности потребителя».

В Каражале участники встречи получили полезные рекомендации от профильных специалистов.

**соб. инф.**

# Не подлежит забвению

**(Начало на 1 стр.).**

Гости – наши земляки, ныне живущие в других регионах. Это – Почетный гражданин города Каражал, заслуженный тренер РК, мастер спорта по дзюдо Дюсенбай Тажкеев и заместитель директора Химико-металлургического института имени Ж. Абишева Айташ Алиев. Оба имеют непосредственное отношение к трагедии тех лет. Так, в семье Дюсенбая Тажкеева жертвами сталинского молоха стали два младших брата его отца.

Имя отца Айташа Алиева – Сыздыка Алиева – носит одна из улиц Каражала. Он был одним из первооткрывателей подземных богатств Каражала. В наши края приехал, отбыв 10 лет лагерей (с 1937 по 1947 годы) по обвинению в шпионаже в пользу Японии. А неугодным советской власти стал лишь потому, что доводился близким родственником поэту и писателю, основоположнику современной казахской литературы, одному из первых Председателей Совета Народных Комиссаров (глава правительства) Киргизской АССР РСФСР Сакену Сейфуллину.

Дюсенбаю Тажкееву и Айташу Алиеву на митинге-реквиеме «Ерлікке тағзым» было предоставлено почетное право первыми возложить цветы к памятнику жертв политических репрессий и голода.

Здесь же перед участниками церемонии выступил Айхын Елеусизов.



Обращаясь к каражалцам, он отметил, что 31 мая — одна из самых трагических страниц в истории Казахстана:

- Сегодня мы вспоминаем тех, кто стал жертвой голода в годы коллективизации, а также тех, кто был вынужден покинуть родные земли.

Тяжелые испытания тех лет оставили неизгладимый след в душе каждого гражданина. Для всего нашего народа этот день является особой исторической памятью. Тяжесть тоталитарной системы вместе с казахским народом испытали также 1,5 миллиона немцев, поляков, корейцев, чеченцев, турок, греков и представителей других народов, переселенных на нашу землю.

Несмотря на жестокие времена, они нашли приют на нашей земле. Благодаря стойкости, терпению и гостеприимству, доставшимся нам от предков, мы сумели выдержать суровые испытания и сплотиться как единый народ.

Трагические страницы нашей истории, жертвы политических репрессий и голода навсегда останутся в нашей памяти, и помнить об этом — наша святая обязанность.

Затем участники церемонии практически в том же составе встретились в стенах Специализированной детско-юношеской спортивной школы олимпийского резерва по дзюдо, где стартовал традиционный VII открытый республиканский турнир по дзюдо, посвященный Дню памяти жертв политических репрессий и голода. На татами встретились юноши и девушки 2010-2011 годов рождения. Каражалский татами объединил 19 команд, или 256 юных спортсменов, из Астаны, Жезказгана, Сатпаева, Караганды, Темиртау, Костаная, Улытауского, Жанааркинского районов и, конечно же, Каражала и Жайрема.

# «Жасыл ел» жасағы жұмысына кірісті

***Қаражал қаласында жастардың белсенділігін арттырып, туған өлкенің тазалығы мен көркеюіне үлес қосатын игі бастама – «Жасыл ел» жас сарбаздар жасағының 2025 жылғы жазғы маусымының ашылуы салтанатты түрде өтті. Іс-шараны Қаражал қаласының жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды.***

**Мөлдір ХАМИТҚЫЗЫ**




Жыл сайын жүзеге асырылып келе жатқан бұл жоба жастар арасында еңбекке баулу, патриоттық тәрбие беру және экологиялық мәдениетті қалыптастырудың жарқын үлгісі. Биылғы маусымда Қаражал, Жәйрем және Ақтай кенттерін қамти отырып, жалпы 165 жас уақытша маусымдық жұмыспен қамтылды.

«Жасыл ел» - бұл жай ғана еңбек емес, бұл ұлтқа, табиғатқа, қоғамға деген жанашырлықтың көрінісі. Жобаға қатысушы жастар жазғы маусымда қала мен ауылдардағы абаттандыру, көгалдандыру, тазалық жұмыстарына жұмылдырылады. Олар өз өңірлерінің тазалығы мен көркеюіне атсалыса отырып, еңбектің қадірін, табиғатқа деген жауапкершілікті жете түсінеді.

Салтанатты жиын барысында сөз сөйлеген ұйымдастырушылар мен ардагерлер, қалалық атқарушы орган өкілдері жас сарбаздарға сәттілік пен жемісті еңбек тіледі. Сонымен қатар, еңбек маусымының маңыздылығы, тәртіп пен ұйымшылдықтың рөлі және жастар үшін бұл жобаның болашақ мамандық таңдауда үлкен тәжірибе алаңы екені айтылды.

Қаражал, Жәйрем және Ақтай өңірлерінің көшелерін, саябақтары мен қоғамдық орындарын таза ұстап, жасыл желекке бөлеу – осы жастардың маусым бойғы басты міндеті болмақ. Олар қаламыздың көркі мен табиғи ортасына жанашырлықпен қарап, қоғамға пайдалы еңбек ету арқылы өздерінің азаматтық белсенділіктерін көрсетпек.

«Жасыл ел» - бұл жас ұрпақтың табиғатты сүйіп, оны аялауға деген шынайы ниетінің символы. Жастарға сенім артып, олардың белсенділігін қолдау – жарқын болашаққа жасалған нақты қадам.

Биылғы маусым сарбаздарына табыс, сергектік, ұйымшылдық және ұмытылмас әсерге толы еңбек маусымын тілейміз.

# Еңбегімен елге сыйлы

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

***Еңбек адамдарына деген құрмет әрқашанда ерекше. Бүгінде бір жерде табан аудармай еңбек етіп, көпшіліктің құрметіне ие болып жүрген жандар қаншама. Осындай еңбекқор жандардың бірі – Мақсұт Тәжібаев.***



Ол 37 жыл бойы бетоншы болып, соңғы екі жылда Жәйрем кен байыту комбинатында автокөліктерді жөндеуші слесарь қызметін атқарады. Оның өмір жолы – еңбекқорлықтың, тұрақтылықтың және басқа салада ондаған жылдар бойы жұмыс істегеннен кейін де жаңа мамандықты игеруден қорықпайтын батылдықтың үлгісі.

Мақсұт Ордашбайұлы Оңтүстік өңірінің тумасы. 1986 жылы Сарыарқа төріне нағашыларына қонақтап қыдырып келіп, осында қалып қалған екен. Анасының туған бауыры Әмір нағашысының қолына келген жас жігіт «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ Шахта құрылыс басқармасына бетоншы болып жұмысқа орналасады. Бетоншылық жұмыс жас жігітке аса қатты қиындық туғызбайды. Себебі, туған жерінде алғашқы еңбек жолын осы құрылыс саласымен бастаған. Жәйремге алғаш келгендегі бастығы Құсайын Камалұлынан бастап, әріптестері Марлан Шамбулов, Аманкелді Төлепбергенов, Қуат Құсбеков, Бектұрсын Иваков ұжымның бірлігін көрсетіп, жаңадан келген азаматты өздеріне бірден тарта біледі.

1992 жылдың ақпан айында Шахта құрылыс басқармасы жабылып, барлық ұжым Болат Қонақбаев есімді азамат басшылық еткен «Құрылыс» ЖШС мекемесіне ауысады. Алайда, аталған мекеменің өмірі тек үш жылға ғана созылып, толықтай жабылады. Ұжым қайтадан Жәйрем кен байыту комбинатының құрамына кіреді де жөндеу-құрылыс цехы атауы беріледі. Цехты Марлан Шамбулов басқарады. Ол кейіннен «Казцветметремонт» ЖШС болып өзгереді. Жұмыс істеген жерлерінің атауы өзгергенмен, Мақсұт Ордашбайұлы сол бетоншы мамандығынан ешқайда ауыспайды.

Жалпы құрылыс саласының мамандары – бесаспап шебер десек, артық айтпаған болар едік. Ол қажет десең ағаш ұстасы, темір ұстасы, сылақшы, керек болса тас қалаушы бола салады. Бұл тек еңбексүйгіш, жауапкершілігі мол, мінездері бірқалыпты жандардың ғана қолынан келері анық. Мақсұт Ордашбайұлы да сол құрылыс саласында өткен еңбек жолында өзін түрлі кәсіпте сынап, аталған саланың қыр-сырын әбден жетік меңгерді.

Қарапайым еңбектен бақыт тапқан Мақсұт аға айрандай ұйыған жанұяның тірегі. Жары Ардақ Жүсіпбекқызымен 1992 жылы көңіл қосып, шаңырақ көтереді. Ол кісі – ұлағатты ұстаз, жергілікті № 10 жалпы білім беретін мектептің тәжірибелі бастауыш сынып мұғалімі. Ерлі-зайыптылардың қазір екі ұлы, екі қызынан 7 немересі бар.

Үлкен ұлы Ербол Тәжібаев Жәйрем кен байыту комбинатының полиметалл байыту фабрикасында механик болып еңбек етсе, екінші ұлы Бексұңқар Мақсұт биыл мектеп бітірмек. Бексұңқар да әке, аға жолын қуып, тау-кен саласына бармақшы.

Үлкен қызы Айгүл тұрмыста, Сәтбаев қаласында тұрады. Бала күтімімен үйде. Күйеу баласы Елтай – жеке кәсіпкер.

Кенже қызы Айсамал Жәйрем кен байыту комбинатының цифрлық технология және сервис кешенінде жүйе механигі-инженер болып еңбек етеді. Жолдасы Шалқар Бозанов – көліктер цехында көліктерді жөндеу және желіге шығару жұмыстары бойынша ауысым шебері.

Мақсұт ағаның бір кіндіктен тараған тоғыз бауыры бар. Үйдің үлкені Ынтымақ Тәжібаев Жезқазған қаласында тұрады. Өзінен кейін қарындасы Шолпан Ұлытау облысы, Кеңгір ауылында тұрады. Қарындасы Айман мен бауыры Марат – Жәйремде. Кенже бауыры Әсет – мал шаруашылығын дөңгелетіп отырған жеке кәсіпкер. Қарындастары Күмісқұл, Аққенже Астана қаласында, ал Мадина қарындасы Қарағанды қаласында.

– Мен 1964 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма совхозында дүниеге келдім. Мектепті бітіргеннен кейін үш жылдай Жайылма совхозында құрылыс саласында еңбек еттім. 1983 жылы қараша айында Отан алдындағы борышымды өтеуге Амур облысы, Серышево кентіне аттанып, ракета әскерінде болдым, – деп әңгімелейді Мақсұт Ордашбайұлы. – Елге оралған соң бір жылдай ауылда еңбек етіп, кейін Жәйрем кентінде тұратын нағашыларыма келдім. Жәйрем кен байыту комбинатына жұмысқа орналастым. Ол кездері комбинат нысандарына жөндеу жұмыстарын жүргізетінбіз. Тоқсаныншы жылдардағы тоқырау Жәйремді айналып өтпеді. Сол кездері ауылда жарық болмайтын, айлық жоқ. Ол күндерді де артқа тастадық. Қазіргі таңда Жәйремнің жағдайы жақсы. Қаңырап, бос қалған үйлер сүріліп, орнына басқа ғимараттар жоспарлануда. Әдемі саябақтар салынып, жаңа үйлер бой көтеруде. Өзім еңбек ететін «Казцинк» компаниясы Жәйрем кенті үшін, тұрғылықты халық үшін көп қолдау көрсетуде. Жалақымыз тұрақты. Құрылыс саласының қыр-сырын жетік меңгеруге 37 жылымды арнап едім, енді тау-кен көліктерінің әлемінде саяхаттамын. Мұнда көліктердің әр бөлшегі үлкен ұқыптылық пен қырағылықты талап етеді. Сол талапты бұлжытпай орындауға тырысамын. Ауысымда бірнеше тау-кен көліктері желіге шығады. Тонналаған салмақтары бар БелАЗ-дардың, экскаваторлар, жүк тиегіштер, су тасымалдайтын самосвалдар, бульдозерлердің техникалық жай-күйі біздің мойнымызда. Өндірістің сапалы еңбек етуіне, тиісті мөлшерде кен өндіруге біздің де қосатын үлесіміз зор. Жалпы, өндіріс үрдісіндегі жұмыс тізбегін әр маман, әр жұмыс орны тиісті деңгейде үлкен жауапкершілікпен атқарса, өндірісіміз өркендеп, жоспар да орындалады деп ойлаймын.

Жұмыстан бос уақытында Мақсұт аға үй шаруашылығымен айналысады. Қолында азын-аулақ малы, бала-шағаға арнап егетін бау-бақшасы бар.

– Балдан тәтті немерелерім бөлек бір тәтті әлем, – дейді кейіпкеріміз. – Сүйіп атқарар қызметің, жанға жайлы жұмысың болса, шаттыққа толы ыстық ұяң мен бар қызықты бірге бөлісер жарың барда, өрісіңді кеңейткен бала-шағаң мен бар шаршағаныңды ұмыттырар немерелерің болса, одан басқа қандай бақыт керек?!

**Мереке шуағы**

# Балалық шаққа саяхат

***Халықаралық балаларды қорғау күні – бұл баршамызға балаларымызды қорғаудың, олардың қауіпсіздікте болуының, амандығының маңыздылығын еске салатын ерекше күн. Бұл күні олардың қажеттіліктеріне, құқықтары мен көңіл-күйіне ерекше назар аударылады. Балалардың қауіпсіз әрі сүйіспеншілікке толы ортада тәрбие алып, дамуына қолайлы ахуал құру үшін біз жауаптымыз және де әрбір мерекеде қуантуға міндеттіміз, қуантып та келеміз.***




Биылғы балаларды қорғау күнін атап өту таңсәріден «Балалық шаққа саяхат» атты велошеруден бастау алды. Шамамен 100-ге жуық балақайлар мен «Жәйрем Спорт клубы» ҚБ спортшылары және цехкомдар бірлескен ұзын шеруге Жәйрем кенті Полиция бөлімінің қызметкерлері жетекшілік жасады.

М.Дәрібеков атындағы Спорт кешенінің жанынан бастау алған велошеру Абай көшесі, Металлург көшесі, Мұратбаев, Самал көшелері арқылы жүргізіліп, мәдени-сауық орталығының алаңында шегіне жетті. Велошеруге қатысқан барлық балақайларға Кәсіподақ ұйымы тарапынан сыйлықтар таратылды.

Велошеруден кейін мереке иелері өздеріне арналып, арнайы Ұлытау облысынан келген «Алғабас» театрының «Күштілер әлеміне саяхат» атты театрландырылған қойылымын тамашалады. Мерекелік сахнаның алғашқы бетпердесін «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ Бастауыш Кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұбәрак Кәрібаев, Әлеуметтік қолдау бөлімінің бастығы Ақтоты Жазыбекова ашып, барлық балақайларға шын жүректен бақытты балалық пен жарқын болашақ тіледі. Өте қызықты және әсерлі болған қойылымнан соң, барлық балақайларға тегін балмұздақ үлестірілді.

«Балаларды шаттандырамыз» деген волонтерлерге күннің күйіп тұруы еш кедергі болмады. +40 градусқа шамалас болған аптап ыстықта 1500 дана балмұздақ иелерін тауып, балақайлар мәз-мейрам болды.

Күнделікті жеп жүрген тәттілері болса да, осы атаулы күні таратылған балмұздақ дәмі ерекше болатынын біздi таңсәріден күтетін балалар әрекетінен сеземіз.

Сонымен қатар, «Казцинк» компаниясының тарапынан кентіміздегі ерекше балаларға әзірленген тәттілер қоржынын «Өндіріс волонтерлері» мен Жастар кеңесінің белсенділері мереке иелерінің мекенжайларына жеткізіп берді.

Балаларымыз еш мұңаймасын, аспандарын бұлт шалмасын! Ата-аналарының құшағында, білім мен тәрбиені мықтап алсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Балалар мерекесі мәдени-сауық орталығының алаңында да керемет өтіп жатты. Бұл күні балаларға бәрі тегін. Сыйлық та мол. Көңіл-күй де ерекше.

Бетті әзірлеген
**Гаунар НАУРЫЗБАЕВА.**

# 2025 жылғы 22 маусым – Қазақстан Республикасы Ұлытау облысы Қаражал қаласына қарасты Жәйрем кентінің әкімін сайлау күні

## Жәйрем кентінің әкімі қызметіне үміткер Қайрат Амангелдіұлы Жансагимов



Құрметті Жәйрем кентінің сайлаушылары!

Мен, Қайрат Амангелдіұлы Жансагимов 1973 жылы, Жаңаарқа ауданы Түгіскен ауылында дүниеге келдім.

Бала кезден ата-анам мені адалдыққа, еңбексүйгіштікке, туған жерді сүюге үйретті. Мен де өз балаларымның бойына осы құндылықтарды сіңірдім.

«Экономика» мамандығы бойынша жоғары білім алған соң, алғаш еңбек жолымды «Жәйрем кен-байыту комбинаты» АҚ-да автокөлік жүргізушісі болып бастадым. Кейіннен жетекші инженер болып жұмыс атқардым.

Елмен етене араласып жүргендіктен кент тұрғындарының күн сайынғы көтеретін мәселелерін біркісідей білемін: жолдардың нашарлығы, қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының жоқтығы, спорт нысандарының жетіспеушілігі және көпқабатты тұрғын үйлердің сырт келбетінің көріксіздігі бәрімізді де толғандырады.

Мен осы мәселелерді шешудің тетіктерін, кент тұрғындарының өмірін қалайша жақсартуға болатынын білемін! Ол үшін маған Сіздердің қолдауларыңыз керек! Мені кент әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда келесіге күш саламын:

- кентті газбен қамтамасыз етуге;
- қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салуға;
- өрт сөндіру бөлімшесін іске қосуға;
- дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға;
- кәріз құбырының құрылысын аяқтауға;
- кентті алғашқы ашушылардың паркін салып, іске қосуға;
- «Жастар сарайы» құрылысының жобасын іске асыруға.

Мен кенттің бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан, қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін:

- ҚҚТҮ- апаттық жағдайдағы үйлерді толық бұздыруға;
- мал сою алаңын салуға;
- ҚҚТ үйлердің сырт келбетін қалыпқа келтіруге;
- халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге;
- №10 және № 30 мектептерді күрделі жөндеуден өткізуге;
- «Балдырған» балабақшасының ғимаратын күрделі жөндеуден өткізуге;
- автокөлік жолдарын қалыпқа келтіруге;
- кенттің медициналық саласын дамытуға.

Сонымен қатар:

- халықтың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға;
- сыбайлас жемқорлықпен күресуге;
- ауылдан шыққан танымал тұлғалардың мәдени-рухани мұрасын насихаттауға үлесімді қосамын.

Тел / WhatsApp: + 7 7777581580. E-mail: zansagjmovkairat@gmail.com

Құрметпен, Қайрат Жансагимов.

## Жәйрем кентінің әкімі қызметіне үміткер Акмарал Елибаевна Иманбекова



Мен, Иманбекова Акмарал Елибаевна, 1965 жылы 22 қыркүйекте Қаражал қаласында дүниеге келдім.

Ұлтым – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын.

Білімім – жоғары. 2005 жылы Қарағанды қаласы «Болашақ» университетіне түсіп, «Мәдениеттану» мамандығы бойынша аяқтадым.

2005 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Жәйрем кенті әкімі аппаратының «Жәйрем кенті мәдени-сауық орталығы» КМҚК директоры болып жұмыс атқарамын.

Тұрмыстамын, 1 балам бар.

Сайлауалды бағдарламам:

Жәйрем кентінің әкімі болып сайланған жағдайда қызметімнің кезектегі міндеттері деп келесіні санаймын:

- зейнеткерлер, аналар мен балалардың, мүгедектердің, тұрмыс жағдайы төмен жанұялардың мұң-мұқтаждарын тиесілі орындарға жеткізе отырып, оң шешімін табуға ықпал жасау;
- кент жастарының жұмысқа орналасуына қолдау көрсету;
- жетістікке жетіп жүрген жасөспірімдердің көтерілуіне жағдай жасау;
- кенттің экологиялық жағдайын жақсартуға ықпал ету;
- балабақша жағдайын жақсартуға ықпал ету;
- Жәйрем кентіндегі мәдениет саласын дамыту бойынша жұмыстарын жалғастыру.

Құрметті сайлаушылар!

Өзімнің бағдарламамды сіздермен бірігіп іске асырамын. Жеңіске бірге жетейік!

## Жәйрем кентінің әкімі қызметіне үміткер Еркин Шакирович Такибаев



Мен, Такибаев Еркин Шакирович, 1975 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Ақтау ауылында дүниеге келдім.

Ұлтым – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын.

Білімім – жоғары. 2006 жылы М.Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар Академиясына түсіп, «Тасымалдауды және жол қозғалысын ұйымдастыру» мамандығы бойынша аяқтадым.

08.11.2010 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Қаражал қаласының әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің Төтенше жағдай және азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы сұрақтары бойынша бас маманы болып жұмыс атқарамын.

Үйленгенмін, 4 балам бар.

Сайлауалды бағдарламам:

Жәйрем кентінің әкімі болып сайланған жағдайда қызметімнің кезектегі міндеттері деп келесіні санаймын:

- спорт саласының дамуына ықпал ету;
- Жәйрем жолының жөндеуден өтуіне үлес қосу;
- кент тұрғындарының құқығын қорғау;
- шағын және орта бизнестің дамуына ықпал ету;
- балалар алаңқайының жөндеу жұмыстарының сапалы жасалуына бақылау жасау, үлес қосу.

Құрметті сайлаушылар!

Өзімнің бағдарламамды сіздердің қолдауларыңызбен іске асырамын. Жеңіске бірге жетейік!

# 22 июня 2025 года – день выборов акима поселка Жайрем города Каражал области Ұлытау Республики Казахстан

## Кандидат на должность акима поселка Жайрем Кайрат Амангельдинович Жансагимов

Уважаемые избиратели поселка Жайрем!

Я, Кайрат Амангельдинович Жансагимов, родился в 1973 году в селе Тугускен Жанааркинского района.

С детства мои родители воспитали во мне честность, трудолюбие и любовь к родной земле. Эти же ценности я передал своим детям.

Получив высшее образование по специальности «Экономика», я начал трудовой путь с должности водителя автотранспорта АО «Жайремский горно-обогатительный комбинат». Впоследствии работал ведущим инженером.

Так как я тесно взаимодействую с жителями, хорошо знаю их повседневные проблемы. Это - плохое состояние дорог, отсутствие полигона твердых бытовых отходов, нехватка спортивных объектов, а также непривлекательный внешний вид многоквартирных домов. Все это меня волнует.

Я знаю, как решить эти вопросы и сделать жизнь в поселке лучше! Для этого мне нужна ваша поддержка!

Если вы изберете меня акимом поселка, я приложу усилия в решение следующих вопросов:

- обеспечении поселка газом;
- построении полигона твердых бытовых отходов;
- запуск в работу пожарного отделения;
- строительств физкультурно-оздоровительного комплекса;
- завершении строительства канализационного коллектора;
- открытии парка первооткрывателей пoсллка;
- реализации проекта «Строительство Дворца молодежи».

Я понимаю, что бюджет поселка ограничен, поэтому буду искать дополнительные источники финансирования для:

- полного сноса аварийных домов;
- строительства площадки для забоя скота;
- приведения в порядок фасадов многоэтажных домов;
- обеспечения населения жильем;
- капитального ремонта общеобразовательных школ №10 и №30;
- Капитального ремонта детского сада «Балдырған»;
- ремонта автодорог;
- развития системы здравоохранения поселка.

Также приложу усилия для:

- повышения правовой и финансовой грамотности населения,
- борьбы с коррупцией,
- популяризации культурного и духовного наследия выдающихся уроженцев нашего поселка.

Тел / WhatsApp: + 7 7777581580. E- mail: zansagjmovkairat@gmail.com.

С уважением, Кайрат Жансагимов.

## Кандидат на должность акима поселка Жайрем Акмарал Елибаевна Иманбекова

Я, Иманбекова Акмарал Елибаевна, родилась 22 сентября 1965 года в городе Каражал.

Национальность – казашка. Являюсь гражданкой Республики Казахстан.

Образование – высшее. В 2005 году поступила в Карагандинский университет «Болашақ» и окончила по специальности «Культурология».

С 2005 года по настоящее время работаю директором КГКП «Культурно-досуговый центр поселка Жайрем» аппарата акима поселка Жайрем

Замужем, воспитываю 1 ребенка.

Моя предвыборная программа:

В случае избрания акимом поселка Жайрем очередными задачами моей деятельности считаю следующее:

- способствовать позитивному решению проблем пенсионеров, матерей и детей, инвалидов, малообеспеченных семей с доведением их нужд до соответствующих органов;
- поддержка трудоустройства молодежи поселка;
- создание условий для повышения успешности подростков;
- способствовать улучшению экологической обстановки поселка;
- способствовать улучшению условий детского сада;
- проведение дальнейших работ по развитию сферы культуры в поселке Жайрем.

Уважаемые избиратели!

Свою предвыборную программу я смогу реализовать только с вашей помощью и вашей поддержкой. Вместе к высотам победы!

## Кандидат на должность акима поселка Жайрем Еркин Шакирович Такибаев

Я, Такибаев Еркин Шакирович, родился 1 января 1975 года в поселке Актау Жанааркинского района Карагандинской области.

Национальность – казах. Являюсь гражданином Республики Казахстан.

Образование – высшее. В 2006 году поступил в Казахскую Академию транспорта и коммуникаций имени М. Тынышпаева и окончил по специальности «Организация перевозок и дорожного движения».

С 8.11.2010 года по настоящее время работаю главным специалистом по вопросам Гражданской обороны и чрезвычайным ситуациям Государственного учреждения «Аппарат акима города Каражал».

Женат, воспитываю 4 детей.

Моя предвыборная программа:

В случае избрания акимом поселка Жайрем очередными задачами моей деятельности считаю следующее:

- содействие развитию спортивной сферы;
- внесение своего вклада в ремонт дорог поселка Жайрем;
- защита прав и интересов жителей поселка;
- содействие развитию малого и среднего бизнеса;
- контроль за качественным ремонтом детских площадок.

Уважаемые избиратели!

Свою предвыборную программу я смогу реализовать только с вашей помощью и вашей поддержкой. Вместе к высотам победы!

Дін

# Зайырлы мемлекет – қоғамның дамуы мен өркендеуінің кепілі



*Қазіргі заманауи өркениетті мемлекеттердің басым көпшілігі зайырлылық қағидатына негізделген. Бұл – демократиялық, құқықтық, адам құқығы мен еркіндігін бірінші орынға қоятын мемлекеттердің басты ерекшелігі.*

Зайырлы қоғам – бұл әртүрлі діндер мен сенімдерге құрметпен қарайтын, мемлекеттік басқару дінге емес, құқықтық-нормативтік жүйеге негізделген қоғам. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, құқықтық, демократиялық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп нақты жазылған.

Алайда, соңғы жылдары елімізде зайырлылық қағидасына қайшы келетін кейбір жағдайлар байқалуда. Атап айтсақ:

мектеп оқушыларының діни себеппен мектеп формасына қарсы шығуы;

жастардың радикалды діни ағымдарға еліктеуі;

әлеуметтік желілерде діни фанатизмнің таралуы;

қоғамдық ортада радикалды діни әдебиеттердің заңсыз таратылуы.

Мұндай жағдайлар қоғамның ішкі тұрақтылығына елеулі қауіп төндіруі мүмкін. 2023-2025 жылдар аралығында ҰҚК-нің мәліметтері бұл қауіптің нақты екенін дәлелдейді. Мемлекетіміздің қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау бағытында белсенді әрекет етіп жатқанын көрсетеді. Бірақ, тек мемлекеттік шаралар жеткіліксіз - қоғам тарапынан да қолдау мен түсінік қажет.

Зайырлылықты насихаттаудың тиімді жолдары:

Білім беру жүйесінде дінтану пәнін күшейту:

«Дінтану негіздері» пәнін барлық мектептерде міндетті ету;

мұғалімдердің зайырлылық пен дін мәселелері бойынша біліктілігін арттыру.

Мемлекеттік ақпараттық саясат: теледидар, радио, әлеуметтік желілерде зайырлылықты насихаттайтын контентті көбейту;

радикализм мен фанатизмнің зиянын көрсету.

Діни ұйымдармен диалог: мешіт, шіркеу, басқа діни ұйымдармен түсіністікке негізделген жұмыс;

діни қызметкерлерге зайырлы заңдарды түсіндіру.

Жастармен жұмыс: мәдени-ағартушылық іс-шаралар;

жастарға еркіндік, таңдау құқығы, ғылым мен білімнің маңызын түсіндіру.

Ата-аналармен байланыс: балаларға діни және азаматтық тәрбиені тең үйлестіру;

үйде де дұрыс түсіндіру мәдениетін қалыптастыру.

Зайырлылық - тек мемлекеттің діннен бөлінуі емес, ол - еркіндік пен теңдіктің, қоғамдық келісімнің, ғылым мен білім дамуының негізі. Әрбір азаматтың сенімі - жеке іс. Ал, мемлекеттің тұрақты дамуы - баршамыздың ортақ мүддеміз. Сондықтан, зайырлылық ұстанымын дұрыс түсіндіру мен насихаттау - бүгінгі күннің басты талабы.

**Дидар ЖЕТІМЕКОВА,**
**№ 6 ЖББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі.**

Туған тілім – тұғырым

*Ана тілі – қай ұлтта болса да құдыретті дүние. Өйткені, ана тілі әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге бойына сіңеді. Тіл – халықпен бірге өмір сүреді, дамиды, сондықтан да, әр ұлттың тілі – оның ұлттық қазынасы дейміз.*

# Мемлекеттік тіл – менің тілім




Ана тілінің байлығы – әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес байлық – ана тілі десек, сол тілімізді шұбарламай көзіміздің қарашығындай сақтау әр азаматтың міндеті. Өйткені, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп атап көрсетті. Яғни, тіліміз жоғалса қазақ деген атау да құриды. Бір сөзбен айтқанда, кез келген адам өзінің ана тілін көзінің қарашығындай сақтауға, оның қолданыс аясын кеңейтуге мән бергені жөн. Осы орайда айта кетерлік бір жайт, қазір әлеуметтік желіде пікір білдірушілерге сауатты жазу мәселесіне баса көңіл бөлген жөн.

Өз ана тілінде сауатты сөйлеп, сауатты жазу – әр отандасымыздың міндеті.

**Эльмира ЖАМАУОВА,**
**Қаражал қалалық сотының бас маманы.**

Консультация специалиста

*В Каражалском городском управлении санитарно-эпидемиологического контроля (далее – управление) напомнили жителям региона о том, что весенне-летний период особую актуальность приобретает проблема пищевых отравлений и кишечных инфекций.*

# Лето. Жара. Больничная койка

Продукты питания, содержащие болезнетворные бактерии, вирусы, паразитов или вредные химические вещества, являются причиной более 200 заболеваний от диареи до онкологических заболеваний. А летняя жаркая погода является оптимальным условием для развития микроорганизмов в продуктах питания.

Пищевые отравления легче предупредить, чем бороться с их последствиями. Профилактические меры, принимаемые на всех этапах, от покупки до употребления пищи, значительно сократят вероятность получить пищевое отравление.

В этой связи рекомендуем следующее:

-не покупайте пищевые продукты в местах несанкционированной торговли у неизвестных лиц. Особенно это касается скоропортящихся пищевых продуктов: молока, творога, сметаны, любых пищевых продуктов домашнего изготовления;

- при приобретении скоропортящихся пищевых продуктов (молочные и колбасные изделия, готовые салаты, кондитерские изделия с кремом) и продуктов детского питания обращайте внимание на сроки годности реализуемых пищевых продуктов и условия их хранения;

- не употребляйте продукты с истекшим сроком годности и (или) хранившиеся вне холодильного оборудования;

- разграничьте хранение в холодильнике сырья и полуфабрикатов и готовой к употреблению продукции;

- тщательно мойте овощи, фрукты, ягоды и зелень перед употреблением;

- не приобретайте и не употребляйте плодоовощную продукцию с признаками порчи;



- не приобретайте консервы с нарушением герметичности банок, бомбажные, с ржавчиной, деформированные, без этикетки;

- не приобретайте пищевые продукты с нарушением целостности упаковки и без маркировочных этикеток (ярлыков);

- при приготовлении пищи соблюдайте личную гигиену: всегда мойте руки перед началом приготовления пищи и после контакта с сырой продукцией;

- регулярно мойте с моющими средствами все поверхности и кухонные принадлежности, используемые для приготовления пищи;

для обработки сырых продуктов необходимо пользоваться отдельными ножами и разделочными досками;

- используйте для питья кипяченую или бутилированную воду;

- проводите кулинарную термическую обработку пищи, обеспечивающую гибель возбудителей и разрушение их токсинов (тщательно прожаривайте или проваривайте продукты, особенно мясо, птицу, яйца, рыбу);

- готовьте салаты, изделия из рубленного мяса и рыбы, студень, заливное в домашних условиях, в небольших количествах, чтобы не хранить остатки блюд более суток. Если готовую пищу приобретаете в магазине - обратите внимание на дату и время изготовления, условия хранения и срок ее реализации;

- не храните скоропортящиеся продукты и готовые салаты при комнатной температуре более 2-х часов, так как это может привести к накоплению бактерий и токсинов;

- пирожные, торты с кремом храните только в холодильнике, не забывайте, что это скоропортящиеся продукты;

- не смешивайте свежеприготовленную пищу с остатками от предыдущего дня. Если готовая пища осталась на другой день, обязательно перед употреблением необходимо ее подвергнуть термической обработке (прокипятить, прожарить);

- храните пищевые продукты в защищенных от насекомых, грызунов и других животных местах.

При появлении первых признаков пищевого отравления незамедлительно обращайтесь к врачу.

**Кульзада ТУСКЕНОВА,**
**и.о. руководителя Каражалского Управления санитарно-эпидемиологического контроля.**

**2025 жылғы 22 маусымға тағайындалған**
**Ұлытау облысы, Қаражал қаласы Жәйрем кентінің әкімін сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі Қаражал қаласы Жәйрем кентінің учаскелік сайлау комиссиясының құрамы өзгергендігі туралы**
**ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабы 12-тармағына сәйкес 2025 жылғы 22 маусымға тағайындалған, Қаражал қаласы Жәйрем кенті әкімінің сайлауын өткізу уақытында Қаражал қаласы Жәйрем кентінің № 71 учаскелік сайлау комиссия құрамының өзгергендігін хабарлайды. Жексембаева Бота Ахметжановнаның орнына уақытша Жұмаханова Балғын Манарбекқызы енгізілді.

**СООБЩЕНИЕ**
**об изменении состава участковой избирательной комиссии по выборам акима поселка Жайрем города Каражал области Ұлытау, назначенных на 22 июня 2025 года**

В соответствии с пунктом 12 статьи 20 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» сообщаем об изменении состава участковой избирательной комиссии по выборам акима поселка Жайрем города Каражал, назначенных на 22 июня 2025 года, на избирательном участке № 71 поселка Жайрем города Каражал.

В участковую избирательную комиссию № 71 введена временно Жумаханова Балғын Манарбекқызы вместо Жексембаевой Боты Ахметжановны.

## 2025 жылға заңды және жеке тұлғалардың иелігіндегі ауылшаруашылық техникаларын мемлекеттік техникалық тексеруден өткізу КЕСТЕСІ

| р/с | Мекемелердің, кенттердің аттары | Өту мерзімі |
|---|---|---|
| 1. | «Қаражал қалалық коммуналдық шаруашылығы» КМК | 19.06.2025 ж. кәсіпорын базасында сағат 10.00-де |
| 2. | «КазДорСторой 2050» ЖШС | 23.06.2025 ж.АТП базасында сағат 10.00-де |
| 3 | «Өркен» ЖСШ «Өркен-Атасу» Өкілдігі | 24.06.2025 ж. АТЦ базасында сағат 9.00-де |
| 4 | «Жәйрем КБК» АҚ | 26.06.2025 ж. ГТЦ базасында сағат 10.00-де |
| 5. | «Гукас А» ЖШС | 2.07.2025 ж. АТП базасында сағат 10.00-де |
| 6. | «Жол Құрылыс 2015» ЖШС | 3.07.2025 ж. АТП базасында сағат 10.00-де |
| 7. | «Базис-Z» ЖШС | 3.07.2025 ж. АТП базасында сағат 15.00-де |
| 8. | «Alash ara joldary» ЖШС | 4.07.2025 ж. АТП базасында сағат 10.00-де |
| 9. | «Арқа құрылыс 2009» ЖШС | 4.07.2025 ж. кәсіпорын базасында сағат 15.00-де |
| 10. | «Karazhal Operating» ЖШС | 8.07.2025 ж.Каражал Оперейтинг базасында сағат 10.00-де |
| 11. | «ЖТЭТК» АҚ Қаражал қалалық электр жүйесі филиалы | 8.07.2025 ж. КРЭК базасында сағат 15.00-де |
| 12. | «Бейбарс ХХ1» ЖШС | 8.07.2025 ж. АТП базасында сағат 10.00-де |
| 13. | «Industrial Construktion Compani» ЖШС | 10.07.2025 ж. ГТЦ базасында сағат 10.00-де |
| 14. | «Жайрем Болашақ» КМК | 10.07.2025 ж. кәсіпорын базасында сағат 15.00-де |
| 15. | «ZANGAR -2205» ЖШС | 11.07.2025 ж. техниканың тұрған жері |
| 16. | «Анис» ЖШС | 11.07.2025 ж. АТП базасында сағат 10.00-де |
| 17. | «Каражал Техстрой» ЖШС | 11.07.2025 ж. техниканың тұрған жері |
| 18. | «Тау-кен көлік компания» ЖШС | 14.07.2025 ж. кәсіпорын базасында сағат 15.00-де |
| 19. | Қаражал қаласының жеке тұлғалары | 9.06.- 11.06.2025 ж. техниканың тұрған жері |
| 20. | Жәйрем кентінің жеке тұлғалары | 12.06.- 13.06.2025 ж. техниканың тұрған жері |
| 21. | Ақтай шағын ауданының жеке тұлғалары | 17.06.- 18.06.2025 ж. техниканың тұрған жері |
| 22. | Шалғы кентінің жеке тұлғалары | 20.06.2025 ж. техниканың тұрған жері |

**Оқырман назарына!**

# «Чек талап ет – жүлде ұтып ал» және «Бәйге» жаңа акциясы

Қаражал қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы кассалық тәртіпті сақтау деңгейін арттыру және көлеңкелі экономиканы азайту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде келесі акциялардың өткізілетінін хабарлайды:

1. «Чек талап ет – жүлде ұтып ал» акциясы. Бұл акция барысында әрбір азамат сатып алу немесе ақылы қызмет көрсету кезінде чекті талап етіп, ақшалай және басқа да бағалы сыйлықтарды ұтып алу мүмкіндігіне ие болады. Акция еліміз бойынша 2025 жылдың 3 сәуірінен 31 желтоқсанына дейін өткізіледі.

2. «Бәйге» жаңа акциясы. Бұл акция аясында белгіленген мерзім ішінде ең көп фискалдық чектерді тіркеген жеке тұлғаларға 100 000 теңге көлемінде сыйақы беріледі. Акция 2025 жылдың 1 мамырынан 31 желтоқсанына дейін еліміздің барлық аумағында өткізіледі.

Әр тоқсанның қорытындысы бойынша оператор әр өңірден бір жеңімпазды анықтайды (барлығы 20 жеңімпаз - әр облыстан және республикалық маңызы бар қалалардан бір-бірден), олар ең көп фискалдық чек сканерлеген 50 ең белсенді қатысушының арасынан random.org сервисін қолдану арқылы кездейсоқ таңдау жолымен анықталады. Жеңімпаздарға 100 000 теңге көлемінде сыйақы беріледі.

Акция әр тоқсан сайын өткізіледі:

1-кезең: 1 мамырдан екінші тоқсанның соңына дейін;

2-кезең: үшінші тоқсанда;

3-кезең: төртінші тоқсанда.

Аталған акцияларға қатысу үшін «Amian» мобильді қосымшасында тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін төлем жасалған чектерді тіркеу қажет.

**Қаражал қаласы бойынша кірістер басқармасы.**




**Назарларыңызға**

# Техникалық тексеру-2025

***2025 жылға Қаражал қаласы, Жәйрем және Шалғы кенттерінің тракторларын және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу жүргізіледі.***

Машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеру олардың техникалық жай-күйін бағалау, олардың санын, тиесілілігін және басқа да тіркеу деректерін нақтылау, техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасы қағидаларын өрескел бұзушылықтарды және жай-күйіне әсер ететін бұзылулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі.

Жылына бір рет техникалық қарап-тексеруге жеке және заңды тұлғалардың иелігіндегі және жергілікті атқарушы органда «Қаражал қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік (уақытша) тіркеуде тұрған машиналар жатады.

1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

машиналарды техникалық байқаудан өткізуге асыру үшін заңды және жеке тұлғалар мынадай құжаттар ұсынады:

жеке тұлға (сенімхат бойынша өкілі):

нысан бойынша өтінішті;

машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт);

заңды тұлға (сенімхат бойынша өкілі):

нысан бойынша өтінішті;

машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт);

нысан бойынша машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеру актісіне енгізу үшін машиналар туралы мәліметтер.

2) портал арқылы жүгінген кезде:

электрондық құжат нысанында өтініш;

машинаны тіркеу құжатының (техникалық паспорттың) электрондық көшірмесі.

Техникалық қарап-тексеруден өткен машиналарға тіркеу құжатына (техникалық паспортына) «Ақаусыз» деген жазу жазылады, ал техникалық қарап-тексеруден өтпеген машиналарға «Ақаулы» деген жазу жазылады, ол ЖАО инженер-инспекторының қолымен және тіркеу пунктінің мөртабанымен расталады.

Тұрақты есепте тұрған жерінен басқа өңірлерге 2 айдан астам мерзімге шыққан машиналар, уақытша болған жерінде техникалық қарап-тексеруден өткізуге ұсынылады.

Техникалық қарап-тексеруге қойылатын талаптарды регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтін машиналар техникалық қарап-тексеруден өтпеген болып саналады.

Қосымша ақпарат алу мен машинаны техникалық қарап-тексеруден өткізу үшін «Қаражал қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-не мына мекенжай бойынша хабарласу керек: Қаражал қаласы, Сайдалы Сары Тоқа көшесі, 1, 3 қабат.Телефон 2-66-71.

**«Қаражал қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ.**

ТЖ ескертеді!

# Дала өртінен сақтанайық!

***Жаз мезгілі адамдардың қарбалас шағы, қаламыздың аумағында орналасқан елді мекендердің дала жұмыстарына шығатыны белгілі. Дала өрттерінің туындауы адамдардың кінәсінен болып жатады. Яғни, демалыс және еңбек орнында отты пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелеріне немқұрайлы қарауынан туындап жатады.***



Табиғатта демалыс орындарында сөндірілмеген сіріңке, темекі шоқтарынан, сынған шыны әйнектердің күннің сәулесін линза ретінде күшейтіп қураған шөптердің тұтануына әкеліп соғады.

Табиғатта өрттің себепкері болмас үшін жас ағаштың қылқан жапырақтарының, шымтезекті батпақтың маңында, қурап қалған шөп орнында, ағаштардың астында отты жақпаңыздар. Отты тек арнайы белгіленген орындарда жағу қажет. Дала алқабынан кеткен кезде, от толық сөнгенше топырақпен көміп немесе үстінен су құю керек, артынынан жанғыш заттарды, қоқысты, сөндірілмеген темекі тұқылын тастамау керек.

Дала өрттерін азайту үшін шаруа қожалықтарының есіне салатынымыз: дала жұмысына шығатын техниканы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтап, барлық дала жұмысына қатысатын техникаларға шоқ сөндіргіш орнатып шығу қажет. Шөп шабатын аумақтарды айналдыра жыртып, өрттен алдын ала қорғану жолын жасап, өрт қауіпсіздігі шараларын қатаң орындауға міндетті.

Автокөлік жүргізушілері жолдарда қатынау кезінде көлік ішінде темекі шегіп, темекі тұқылын тастау кезінде толық сөнгеніне көз жеткізіңіз. Осы өрт қауіпті мезгілі кезінде өрт қауіпсіздік ережелеріне аса көңіл бөлгендеріңіз маңызды.

**Ануар ЕРҒАЗИЕВ,**
**Қаражал қаласы**
**ТЖ бөлімінің аға анықтаушысы.**

Общество. Человек. Закон

# Контроль за условиями содержания: защита прав граждан на местах

***Представительство Уполномоченного по правам человека является неотъемлемой частью системы защиты граждан в Республике Казахстан. Через регулярные проверки учреждений, где имеются ограничения свободы, представители контроля за соблюдением прав демонстрируют свою приверженность к справедливости и законности.***

Одним из ключевых направлений деятельности представительства является контроль за условиями содержания в учреждениях, где содержатся лица, находящиеся под стражей или ограниченными в свободе. Специалисты регулярно посещают временные изоляторы, следственные изоляторы и другие аналогичные учреждения. Эти проверки позволяют оперативно выявлять нарушения, предоставлять рекомендации руководству учреждений и способствовать улучшению условий для граждан.

Кроме того, представители ведут диалог с сотрудниками учреждения, заключенными и их родственниками, что помогает не только фиксировать проблемы, но и предотвращать их возникновение в будущем. Результаты проверок становятся основой для выработки конкретных мер, направленных на соблюдение международных стандартов в сфере прав человека.

Эффективное выполнение поручений по мониторингу условий содержания учреждений позволяет создать благоприятные условия для защиты прав граждан и повышает уровень доверия населения к государственным структурам.

**Аманжол КАРИМОВ,**
**представитель Уполномоченного**
**по правам человека в РК**
**по области Ұлытау.**

***Основной причиной кражи колесных транспортных средств является безответственное отношение владельцев к сохранности своего имущества: оставление во дворах, подъездах домов, возле магазинов без присмотра.***

# Внимание! Пропал велосипед



Уважаемые жители региона! В целях предупреждения краж велосипедов убедительно просим вас:

- не стоит оставлять свой велосипед без присмотра на лестничной площадке на длительное время, в подвалах, как в подъездах домов, так и на улицах и в общественных местах;

- не стоит давать свой велосипед для пользования незнакомым или малознакомым лицам;

- приобретите блокирующее устройство, препятствующее краже велосипеда, и используйте его при оставлении велосипеда на непродолжительное время. При этом помните, что при оставлении велосипеда на длительное время это устройство малоэффективно;

- не оставляйте велосипеды в дневное и ночное время на лестничных площадках подъездов, даже если вы используете противокражное устройство;

- обратите внимание на наличие камер видеонаблюдения недалеко от места, где оставляете свой велосипед;

- проведите маркировку основных частей велосипеда, запишите их номера – это поможет идентифицировать велосипед в случае кражи. Или нанесите особую метку, запомните приметы вашего велосипеда;

- не приобретайте велосипеды у незнакомых лиц при отсутствии документов на него;

- оказывайте содействие детям и пожилым людям в транспортировке велосипеда к месту его безопасного хранения;

- сфотографируйте при необходимости подозрительных людей при обнаружении их у вашего дома, подъезда, магазина и сообщите в полицию по телефону «102».

Соблюдение этих минимальных правил позволит предотвратить совершение в отношении вас преступного посягательства, сохранить ваше имущество.

**Отдел полиции города Каражал.**

### Хабарландыру

«Марганец Жайрема» АҚ Экологиялық кодексінің 122-бабына сәйкес 2025-2034 жылдарға арналған «Үшқатын-ІІІ» кен орнында темір-марганец және барит кендерін өндіру және өңдеу кезінде әсер етуге рұқсат алуға өтініш материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 07.08.2025 ж. сағат 15.00-де Ұлытау облысының Жәйрем кенті, Абай көшесі, 22 үй, мәдени-сауық орталығында өтеді.

Бастамашысы: «Марганец Жайрема» АҚ, БСН: 181040037452; Өнеркәсіптік алаңшаның географиялық координаттары -1.48°22'49,24"С 70°18'45,76"В 2. 48°22'50,51" С 70°19'35,41"

Жобаны әзірлеуші «ССКӨБ» АҚ қоршаған ортаны қорғау бөлімі, БСН 920240000127.

Жобалық құжаттама пакетімен https://ndbecology.gov.kz/ сайтында және Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr танысуға болады. Тыңдау материалдары бойынша қосымша ақпаратты 8-705-837-79-76 телефоны арқылы алуға болады. Электрондық пошта:Sholpan.Sumbayeva@erg.kz

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей электрондық мекенжай бойынша қабылданады – әкімдіктің сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr, тапсырыс беруші – Sholpan.Sumbayeva@erg.kz.

Онлайн қосылу сілтемесі:
https://erg.zoom.us/j/88241829330?pwd=DLbqUHUS3rkuEF00UOTjoymc74ubRs.1Конференция идентификаторы: 88241829330. Құпия сөз: 871360.

### Объявление

АО «Марганец Жайрема» сообщает о проведении общественных слушаний по материалам Заявления на получение Разрешения на воздействие при добыче и переработке железо-марганцевых и баритовых руд месторождения «Ушкатын-III» на 2025-2034 годы согласно статье 122 Экологического кодекса РК в форме открытого собрания.

Общественные слушания состоятся 07.08.2025 г. в 15.00 в культурно-досуговом центре поселка Жайрем по адресу: ул. Абая, дом 22.

Инициатор: АО «Марганец Жайрема», БИН: 181040037452. Географические координаты промышленной площадки - 1.48°22'49,24"С 70°18'45,76"В 2. 48°22'50,51" С 70°19'35,41".

Разработчик проекта- Отдел охраны окружающей среды АО «ССГПО», БИН: 920240000127.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте https://ndbecology.gov.kz/, а так же на сайте УПР области Ұлытау https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr. Дополнительную информацию по материалам слушания можно получить по телефону: 8-705-837-79-76. Эл.почта: Sholpan.Sumbayeva@erg.kz.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу: – на сайте акимата https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr, заказчика – Sholpan.Sumbayeva@erg.kz

Ссылка на онлайн подключение:
https://erg.zoom.us/j/88241829330?pwd=DLbqUHUS3rkuEF00UOTjoymc74ubRs.1

Идентификатор конференции: 88241829330. Пароль: 871360.

**Мәдениет**

# «Қызғалдақ көктем-2025» – өнер мен шабыттың шоқтығы

***Сәуір айының соңынан бастау алған «Қызғалдақ көктем–2025» фестивалі қала тұрғындары мен өнерсүйер қауымға ерекше әсер сыйлап, көктеммен бірге көңілге нұр, жүрекке жылулық ұялатты. Басты мақсаты – шығармашыл ұжымдардың өнерін паш етіп, жас таланттарға қолдау көрсету болған бұл фестиваль төрт кезең бойынша ұйымдастырылып, нағыз өнер мерекесіне айналды.***




Фестиваль барысында әр кезең өзіндік ерекшелігімен есте қалды. Ұжымдар ұлттық құндылықты ұлықтап, заманауи леппен үйлестірілген қойылымдар мен ән-бимен өрілген сахналық көріністер арқылы көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әр кезең сайын өнердің сан қыры көрсетіліп, шығармашылық шабыттың шекарасы кеңейіп отырды.

Фестивальдің гала-концерті - көркемдік пен кәсібиліктің, рух пен руханияттың тоғысқан шарықтау шегі десек, артық емес. Жарық сахнада жарқыраған өнерпаздар мен көркем қойылымдар бір-бірінен өтетін деңгейде болды. Әрбір өнер ұжымы көктемгі жаңару мен жандану тақырыбын терең сезіммен жеткізіп, көрерменге эстетикалық ләззат сыйлағаны сөзсіз.

Фестиваль шымылдығын ашып, ерекше өнерімен көзге түсіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген талантты ұжымдардың, яғни, барлық 4 кезеңде тамаша өнер көрсеткен қатысушылардың ең үздік өнерлерін дәл осы гала-концертте тамашаладық.

Концерт соңында көп күткен сәт, яғни, марапаттау рәсіміне кезек келіп жетті. Ең алдымен 2 және 3 орынды иеленген ұжымдарға марапатты табыстау үшін «Юнеско» Балалар өнер мектебінің директоры Ұлан Дүкенбаев сахна төріне шақырылды. «Балбөбек» бөбекжайы ұжымы 3 орын иегері атанып, 100 мың теңгелік сертификатқа ие болды. Ал, № 1 жалпы білім беретін мектеп ұжымы 2 орынға ие болып, 150 мың теңгелік сертификат табысталды.

Келесі кезекте, 1 орынды Қаражал қалалық мәслихатының аппараты, Қаражал қаласының әкімдігі мен қалалық кітапхана ұжымы мен қалалық кәсіпкерлер палатасының ұжымы қанжығаға байлады. Шалғы кентінің әкімі Азамат Кәдірсізов осы екі команданы марапаттап, 200 мың теңгелік сертификаттарды табыстады.

Ең әсерлі сәт - Бас жүлдені табыстау қала әкімі Айқын Елеусізовке бұйырыпты. Сонымен, Бас жүлдені «Өркен Атасу» ЖШС ұжымы қанжығасына байлады. Өңір басшысы жеңімпаздарды сахна төріне шақырып, диплом мен 250 мың теңгелік сертификатты тапсырды.

Расымен, бұл байқауда қатысушылардың еңбегі зор. Мекеме мен кәсіпорын қызметкерлері нағыз әртістерден асып түспесе кем болмады. Нағыз талант екендерін тағы бір мәрте дәлелдеді. Алтын уақыттарын бөліп, бір ай бойы еңбек еткен қатысушыларға, ұйымдастырушыларға және қазылар алқасына алғысымыз шексіз.

Көрермендерге ұмытылмас әсер қалдырған бұл шара тамаша көңіл-күймен, ұзақ шапалақтармен, толассыз алғыстармен аяқталды. Гала-концерт - тек өнер көрсетілімі ғана емес, бірлік пен ынтымақты, мәдениеттің биік деңгейін көрсеткен мазмұнды кеш болды.

«Қызғалдақ көктем-2025» фестивалі өзінің биік деңгейімен, мазмұнды қойылымдарымен, жүрекке жеткен өнерімен ел есінде ұзақ сақталары сөзсіз. Бұл – көктемнің сәні мен әні тоғысқан, өнердің мерекесіне айналған шынайы фестиваль болды.

**Мереке шуағы**

# Балалар – еліміздің бақыты мен болашағы

***1 маусым – бүкіл әлем бойынша Халықаралық балаларды қорғау күні ретінде атап өтілетін ерекше күн. Бұл – балалардың күлкісі мен қуанышы, құқығы мен қамқорлығы басты назарда болатын айтулы мереке. Балалық шақ – өмірдің ең жарқын, қайталанбас кезеңі. Ал сол кезеңнің шуақты, қауіпсіз әрі бақытты өтуі – әрбір ересектің басты міндеті.***




Бұл мерекенің тарихы тереңде жатыр. Алғаш рет 1950 жылы 1 маусымда аталып өткен бұл күн бүгінде әлемнің көптеген елінде балалар құқығын қорғауға, олардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған шаралардың символына айналды.

Қазақстанда да бұл мереке кең көлемде аталып өтеді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында үнемі балалар құқығын қорғау, білім мен тәрбие беру, денсаулық сақтау мен қауіпсіз орта қалыптастыру мәселелерін алдыңғы қатарға қойып келеді. Осы бағытта «Қазақстан балалары» республикалық акциясы, «Балалар жылы» аясындағы кешенді жобалар, арнайы мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда.

Осыған орай, жексенбі күні қаламыздың орталық алаңында бүлдіршіндерге арналған «Бала – өмірдің мәні» атты іс-шара өтті. Кенжекей мен Айзере есімді сүйкімді бүлдіршіндер жүргізуші болып, концерттің сәнін келтірді.

Ең алдымен қалалық мәслихат төрағасы, Аналар кеңесінің төрайымы Зәмзагүл Оспанова барша бүлдіршіндерді мерекемен құттықтап, ақжарма тілегін айтты. Ол өз сөзінде: - Халықаралық балаларды қорғау күні әлемнің барша балаларының құқығын қорғап, оларға қамқор болуға шақыратын мереке. Бүгінгі мереке тек көңіл көтеру ғана емес, сонымен қатар, қоғамның басты құндылығы бала құқықтарын қорғауға, олардың қауіпсіз және бақытты өмір сүруіне ортақ жауапкершілігімізді еске салатын маңызды күн, - деді. Қаламыздың барша өнерпаз балалары өнерлерін көрсетіп, көрермен көзайымына айналды. Сол күні орталық алаң мен балалар ойын алаңдарында қаламыздың мейірімді жандары, жеке кәсіпкерлері тегін тәттілер мен балмұздақтар таратты.

Сондай-ақ, орталық алаңда мәдени-сауық орталығының ұйымдастыруымен «Балалар көзімен» атты сурет салу байқауы өтті. Жас суретшілерімізге сыйлықтар үлестірді. Сонымен қатар, «Ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ ұйымдастыруымен бірнеше спорт түрінен жарыс ұйымдастырылды. Тоғызқұмалақ ұлттық ойынының қорытындысы бойынша Арнұр Нұрлан 1 орынды иеленді. Ал 2 орынға Олжас Маханов ие болса, 3 орын Әбдіхалық Елеукенге бұйырды. Келесі кезекте секіргішпен секірудің нәтижесі бойынша 1 орынды Тамерлан Мерекенов жеңіп алды. 2 орынға Нұрасыл Біржан, 3 орынға Ұлан Мейіржан ие болды. Сондай-ақ, ұлттық ойындардың бірі - асық атудан 1 орынға Айбар Аманжол ие болды. Ал Рамазан Мұхажан 2 орын иегері атанды. 3 орынды Дінмұхаммед Майжақан місе тұтты.

Балалар – тек отбасының ғана емес, мемлекеттің де ерекше қамқорлығында болуы тиіс. Олардың дені сау болып өсуі, сапалы білім алуы, қауіпсіз ортада дамуы – ел ертеңінің жарқын болуына кепіл болмақ. Сондықтан да, 1 маусым – балаларға көңіл бөлудің, оларды қорғаудың, болашағына бағыт сілтеудің нақты көрінісі.

Бұл күні еліміздің барлық өңірінде түрлі мерекелік шаралар, концерттер, көрмелер, спорттық ойындар, байқаулар ұйымдастырылады. Балаларға қуаныш сыйлау – бұл күннің басты миссиясы. Бірақ, оларды қорғау мен қолдау тек бір күнмен шектелмеуі тиіс. Жылдың әр күні – балаларға деген мейірім мен жауапкершілікке толы болуы керек.

Қоғамның дамуы – өскелең ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне байланысты. Сондықтан, балалардың үніне құлақ асып, арманын ұлықтап, құқығын қорғау – әрбір азаматтың парызы.

Бетті әзірлеген
**Мөлдір ХАМИТҚЫЗЫ**

**Директор**
**Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ**

Бас редактор
**Асель КУРБАЛОСОВА**
Техникалық редактор
**Айгүл БАЙПЕЛОВА**

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы» ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k-onir@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 40601717000000329
БИК HSBKKZKX АО «Halyk bank»
Код Кбе 18
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 2 б/т
Индекс 200122
Таралымы 1000
Тапсырыс 21

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.